

Басқару объектілерінің хал
жағдайының және дамуының
көрсеткіш жүйесі.






Білім беру мекемелерін басқару қағидалары. Білім бері мекемелерін басқару функциялары (мақсаттылығы және жоспарлау, үйлестіру және реттеу, мекеменің жұмысын есепке алу, жұмысыты бақылау және талдау жасау). Басқару әдістері: психологиялық- педагогикалық, ұйымдастыру- ұйғарымдық, экономикалық.

Білім беру мекемелерін басқарудың құрылымы. Басқару құрылымын модельдеу. Білім бері мекемелерін басқару құрылымын анықтайтын факторлар.



Басқару іс-әрекеттері процесінде
төмендегідей қызметтер орындалады:





- қадағалау (талдау және жаңа міндеттерді белгілеу үшін көзделген жоспарлардың

орындалуы жөнінде уақтылы ақпараттар алып тұру);

- ынталандыру (шығармашылық істерге, ғылыми-зерттеу жұмыстарына, инновациялық жобаларға қатыстыру үшін жағдайлар жасау;

- мақсаттар айқындау (бүкіл жүйенің, сонымен бірге әр кезеңінің соңғы нәтижесін болжастырып, ой-санада нақтылау);

Соңғы жылдары мектепте психологиялық қызметтің қалыптасуымен жаңа басқару әдістері пайда бола бастады. Оқу-тәрбие ақпараттарымен жұмыс жүргізуші қызметкер оларды жинау, өңдеу, сақтау және пайдалану тәсілдерін жақсы білгені жөн.

Мектеп басшысы, менеджер өз қызметінде бақылау, анкетті сауалнама жүргізу, тестілеу, нұсқау және әдістемелік материалдармен жұмыс жасау әдістерін белсенді қолдана білуі шарт. Мектеп әкімшілігінің күш-қуаты басқарудың мектепішілік ақпараттық технологиясын нақтылап, тәжірибеге ендіруге жұмсалуды тиіс. Бұл технологиялар басшыларға да, әр мұғалімге де таныс болуы міндетті.



Сонымен, мектеп басқарымын ұйымдастырудағы маңызды жағдай— педагогикалық басқару жүйесінің қалыпты күйге келіп, әрекетшендік жағдайында болуы және оны іске асыру жолдарын әрбір басшының жіті білуі.

Білім беру жүйесін басқарушылардың басқару мәдениеті олардың кәсіби педагогикалық мәдениетінің бір бөлігі болып табылады. Дәстүрлі көзқараста кәсіби-педагогикалық мәдениет негізінен педагогикалық іс-әрекет, педагогикалық техника мен шеберлік нормалары мен ережелерін бөліп көрсетумен байланыстырылды. Ал қазіргі кезде педагогикалық құндылықтар, педагогикалық технология және педагогикалық шығармашылық категорияларымен байланыстырыла қарастырылады.

Мектеп жетекшісінің басқару мәдениеті оның мектепті басқарудағы құндылықтар мен технологияларды меңгеруге, беруге және жасауға бағытталған әр түрлі басқару іс-әрекеттеріндегі тұлға ретінде өз мүмкіндіктерін шығармашылық деңгейде байқату жолдары мен өлшемі болып табылады. Басқару мәденметі аксиологиялық, технологиялық және тұлғалық-шығармашылық компоненттерінен тұрады.